

## **ОТЗЫВ**

**Зарубежного научного консультанта доктора педагогических наук, профессора Коровина Сергея Семеновича на диссертационную работу Турдалиева Рауана Муратовича на тему «Научно-методическое обоснование развития студенческого спорта на современном этапе в Республике Казахстан», представленной на соискание степени доктора философии (PhD) по образовательной программе 8D01401 «Физическая культура и спорт» Казахская академия спорта и туризма (КазАСТ), Алматы, Республика Казахстан**

**1 Актуальность исследования.** На современном этапе высшие учебные заведения, подготавливая занимающихся, ориентируют не только на подготовку их как знающих специалистов, но и совершенствования у них личности полноценного, здорового характера. Большое значение в механизме формирования специалиста молодого поколения отдается спорту. Студенческий спорт – это элемент спорта, ориентированный на физическое воспитание и подготовку занимающихся высших учебных заведений, а также привлечение к обучающимся к мероприятиям спортивного и физкультурного характера. В Республике Казахстан реализуются нормативно-правовые акты, регулирующие студенческий спорт. Хотя в вузах осуществляется реализация осуществления студенческого спорта, но на сегодняшний день здесь остаются проблемы, которые являются в качестве тормозящих его развитие. Среди них это недостаточное финансирование (из-за его отсутствия студенты не могут выехать на соревнования и у них низкий опыт соревновательной практики). Пониженная заинтересованность ректората в совершенствовании студенческого спорта. Недостаток тренеров высокой квалификации для работы со сборными командами и др. В связи с выше отмеченным мы считаем актуальной проблему совершенствования студенческого спорта.

**2 Научные результаты и выводы, полученные автором в рамках требований МНВО РК к диссертациям на соискание степени доктора философии (PhD).**

Результат 1. Определены основные научно-теоретические предпосылки совершенствования студенческого спорта в мировой практике являются следующие. Это противоречия между постановкой студенческого спорта и потребностями обучающимися в занятиях видами спорта; необходимостью организации и планированием спортивной подготовки в вузе и недостаточной разработанностью реализации этого процесса с учетом особенностей обучения студентов; между необходимостью подготовки студентов в качестве резерва команд высокого класса и недостаточно созданными условиями в вузе.

Результат 2. Определена структура и содержание постановки студенческого спорта в университетах Западно-Казахстанской области. В структуре и содержании постановки студенческого спорта в вузах Западно-Казахстанской области выделены следующие противоречия. Нет источников финансирования, кроме университетского. Недостаточность материальной

базы. Отсутствие профессиональных команд. Отсутствие взаимосвязи со спортивными, детскими спортивными школами и спортивными клубами. Слабое участие в универсиадах.

Результат 3. Выявлены проблемы, возникающие у студентов при занятиях спортом. Это отсутствие желания заниматься одним из видов спорта. Склонность к спортивной тренировке. Небольшая занятость занятий спортом. Нежелательный график занятий. Низкие технические возможности вузов; отсутствие необходимых специалистов по видам спорта; отсутствие инвентаря. К мерам, которые позволили бы активно заниматься спортом, студенты отнесли включение вместо традиционного содержания предмета «физическое воспитание» одного из видов спорта.

Результат 4. В ходе исследования был определён уровень физической подготовленности, физической работоспособности и технико-тактической подготовленности студенток, входящих в состав сборных команд университета. Результаты анализа показали, что исходный уровень физической подготовленности и физической работоспособности у большинства студенток характеризуется как ниже среднего, что свидетельствует о недостаточной эффективности существующей системы физической подготовки. Анализ технико-тактической подготовленности выявил неравномерность развития её структурных компонентов. Наиболее выраженные показатели отмечаются при выполнении передач, тогда как относительно низкие результаты зафиксированы при приёме подач. Полученные данные подтверждают необходимость оптимизации учебно-тренировочного процесса, направленного на повышение технико-тактической устойчивости, развитие функциональных возможностей и совершенствование физической подготовленности студенток, занимающихся в спортивных командах университета.

Выявлены особенности участия студенческих сборных команд в соревнованиях. Во всех вузах Западного Казахстана не по всем видам спорта задействованы студенты. В университетах отсутствуют соответствующие тренерские кадры. Университеты акцентируют внимание на имеющийся тренерский и студенческий потенциал. Мало выездов у сборных команд за пределы области для повышения опыта соревнований. В вузах не финансируется участие студенческих спортивных команд на республиканских соревнованиях. В вузах не акцентируется подготовка спортсменов по базовым видам спорта универсиады. Разработаны пути совершенствования студенческого спорта в университетах Западного Казахстана и экспериментально обоснована их эффективность. Разработана комплексная система совершенствования студенческого спорта в университетах Западного Казахстана. В структуре системы определены направляющую, продуктивную, показательную и итоговую компоненты. Произошли позитивные сдвиги в динамике степени уровня физической подготовленности студенток сборной команды по волейболу университета за период эксперимента. Также произошли позитивные изменения в динамике степени уровня физической работоспособности студенток сборной команды

университета по волейболу. Путем реализации коэффициента ассоциации было доказано, что на основе внедрения одного из видов спорта (в частности, волейбол) вместо традиционных академических занятий положительная связь между отношением студентов к проведению учебного процесса и качественным улучшением спортивно-оздоровительной работы в университете считается правильной.

### **3 Степень обоснованности и достоверности каждого научного результата и их новизна.**

Обоснованность определения основных научно-теоретических предпосылок совершенствования студенческого спорта в мировой практике обусловлена недостаточной разработанностью методических подходов к совершенствованию студенческого спорта с учетом современных взглядов на эту проблему. Достоверность первого результата подтверждается проведением системного анализа отечественной и зарубежной литературы по вопросам современного студенческого спорта.

Обоснованность определения структуры и содержания постановки студенческого спорта в университетах Западного Казахстана обусловлена необходимостью поиска противоречий в постановке данного вопроса в вузах Казахстана. Достоверность полученного результата подтверждается использованием метода анализа документальных материалов.

Обоснованность выявления проблем, возникающих у студентов при занятиях спортом обусловлена поиском факторов, определяющих мотивацию занятий спортом у студентов. Достоверность полученного результата подтверждается использованием метода анкетного опроса.

Обоснованность определения уровня физической подготовленности, физической работоспособности и технико-тактической подготовленности студентов сборных команд университета определяется необходимостью поиска наиболее отстающих сторон в уровне развития физических качеств, физической дееспособности, технической подготовленности студентов. Достоверность полученного результата подтверждается использованием таких научных методов как анализ документальных материалов, анализ соревновательной деятельности, контрольные испытания, PWC170 и математической статистики.

Обоснованность выявления особенностей участия студенческих сборных команд в соревнованиях определяется необходимостью поиска факторов, являющихся в качестве барьеров для успешного выступления студентов на соревнованиях. Достоверность данного результата определяется использованием метода анализа соревновательной деятельности, документальных материалов, математической статистики.

Обоснованность разработки путей совершенствования студенческого спорта в университетах Западно Казахстанской области и экспериментального обоснования их эффективности определяется необходимостью поиска методических подходов по реорганизации оптимизации развития спорта в вузах. Достоверность данного результата подтверждается использованием

научных методов педагогического эксперимента, коэффициента ассоциации, математической статистики.

**4 Практическая значимость** заключается в возможности использования на практике следующих элементов, разработанных и внедренных автором учебный процесс:

- Элективный курс по выбору для студентов «Методические пути совершенствования студенческого спорта»;
- Экспериментальный проект по совершенствованию студенческого спорта (имеется акт внедрения);

**5 Оценка внутреннего единства полученных результатов.**

Научные результаты диссертационного исследования Турдалиева Р.М. представляют внутреннее единство, так как обеспечиваются продуманным структурным решением представляемых разделов диссертации, лаконичным изложением материалов исследования, в котором четко прослеживаются основная идея и решение поставленных в нем задач, а также соблюдение научной логики.

**6 Подтверждение достаточной полноты публикаций основных положений, результатов, выводов и заключения диссертации.**

По теме диссертации опубликован ряд научных трудов, часть которых размещена в рецензируемых научных журналах, рекомендованных Комитетом по обеспечению качества в сфере науки и высшего образования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, а также в зарубежных изданиях, входящих в базу данных компании *Scopus*. Кроме того, результаты исследования представлены в материалах международных научных конференций. Опубликованные работы всесторонне и глубоко отражают основное содержание диссертационного исследования.

**7 Соответствие работы требованиям МНВО РК к диссертациям на соискание степени доктора философии (PhD) по образовательной программе 8D01401 «Физическая культура и спорт»**

Основываясь на том, что теоретическая и практическая значимость научного исследования Турдалиева Рауана Муратовича на тему « Научно-методическое обоснование развития студенческого спорта на современном этапе в Республике Казахстан» соответствует всем требованиям, предъявляемым к диссертациям на соискание степени доктора философии (PhD) Комитетом по контролю в сфере образования и науки МНВО РК. Считаем, что ее автор заслуживает присуждения степени доктора философии (PhD) по образовательной программе 8D01401 «Физическая культура и спорт»

Зарубежный научный консультант,  
Доктор педагогических наук,  
профессор кафедры ТиМСД, АФК и МБОФВ  
Института физической культуры и спорта  
Оренбургского государственного  
педагогического университета

Подпись *С.С. Коровина*  
*С.С. Коровина*  
Управление кадров ФГБОУ ВО «ОГПУ»  
СПЕЦИАЛИСТ ПО КАДРАМ  
КОНДРАТЬЕВА Е. В.



Коровин С.С.

**«Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңдегі студенттік спорт дамуының ғылыми-әдістемелік негіздемесі» тақырыбындағы, 8D01401 – «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған, Қазақ спорт және туризм академиясының (ҚазАСТ) докторанты Турдалиев Рауан Муратовичтің диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесші, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Коровин Сергей Семеновичтің пікірі.**

**1 Зерттеудің өзектілігі.** Қазіргі кезеңде жоғары оқу орындары білім алушыларды даярлау барысында оларды тек кәсіби білікті маман ретінде ғана емес, сонымен қатар дені сау, жан-жақты дамыған, үйлесімді тұлға ретінде қалыптастыруды мақсат етеді. Осы орайда жас ұрпақ мамандарының тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда спорттың алатын орны айрықша.

Студенттік спорт — бұл жоғары оқу орындарында білім алушылардың дене тәрбиесі мен спорттық дайындығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ оларды бұқаралық спорттық-сауықтыру іс-шараларына қатыстыруға бағытталған спорттық қызметтің бір бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасында студенттік спортты реттейтін және дамытуды қамтамасыз ететін бірқатар нормативтік-құқықтық құжаттар жүзеге асырылуда. Алайда, жоғары оқу орындарында студенттік спорт жүйесін ұйымдастыру мен дамыту үдерісінде бірқатар шешімін таппаған өзекті мәселелер орын алуда. Атап айтқанда, студенттік спорттың материалдық-техникалық және қаржылық базасының жеткіліксіздігі, нәтижесінде студенттердің жарыстарға қатысу мүмкіндігінің төмендеуі, жарыстық тәжірибесінің аздығы байқалады. Сондай-ақ жоғары оқу орны басшылығының студенттік спортты дамытуға қызығушылығының төмендігі, ұлттық құрамалармен жұмыс жүргізетін жоғары білікті жаттықтырушылардың тапшылығы секілді мәселелер де орын алып отыр.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасында студенттік спортты жетілдіру және дамытудың ғылыми-әдістемелік жолдарын айқындау өзекті ғылыми-тәжірибелік мәселе болып табылады.

**2 Автордың философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалатын диссертациялық жұмыстарға Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі белгілеген талаптарға сәйкес жүргізілген зерттеу нәтижелері мен тұжырымдары.**

**1 Нәтиже.** Әлемдік тәжірибе негізінде студенттік спортты жетілдірудің негізгі ғылыми-теориялық алғышарттары айқындалды. Атап айтқанда, бұл — студенттік спортты ұйымдастыру талаптары мен білім алушылардың спорт түрлерімен айналысу қажеттіліктері арасындағы қарама-қайшылықтар; жоғары оқу орнында спорттық даярлықты ұйымдастыру мен жоспарлаудың қажеттілігі мен бұл үдерісті студенттердің оқу ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асыру жүйесінің жеткілікті дәрежеде әзірленбеуі арасындағы қайшылықтар; сондай-ақ жоғары дәрежелі командаларға спорттық резерв ретінде

студенттерді дайындау қажеттілігі мен жоғары оқу орындарында соған сәйкес жағдайлардың жеткілікті деңгейде жасалмауы арасындағы қайшылықтар.

2 Нәтиже. Батыс Қазақстан облысы университеттеріндегі студенттік спорттың құрылымы мен мазмұны айқындалды. Зерттеу нәтижесінде аталмыш өңірдегі жоғары оқу орындарындағы студенттік спортты ұйымдастырудың құрылымы мен мазмұнында келесі қайшылықтар анықталды: университеттік қаржыландырудан өзге қаржы көздерінің болмауы; материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі; кәсіби спорттық командалардың болмауы; спорттық мектептермен, балалар-жасөспірімдер спорт мектептерімен және спорт клубтарымен өзара байланыстың болмауы; Универсиадаларға қатысу белсенділігінің төмендігі.

3 Нәтиже. Студенттердің спортпен шұғылдануы барысында туындайтын негізгі мәселелер анықталды. Атап айтқанда, олардың белгілі бір спорт түрімен айналысуға ниетінің болмауы, спорттық жаттығуларға бейімділіктің төмендігі, спорттық іс-шараларға қатысу уақытының аздығы, оқу кестесінің қолайсыздығы, жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық мүмкіндіктерінің жеткіліксіздігі, спорт түрлері бойынша білікті мамандардың тапшылығы және спорттық құрал-жабдықтардың жетіспеушілігі сынды мәселелер айқындалды.

Сонымен қатар, студенттер спортпен белсенді түрде айналысу үшін тиімді шаралар ретінде «Дене тәрбиесі» пәнінің дәстүрлі мазмұнының орнына спорттың бір түрін таңдау және сол бағытта жүйелі түрде айналысу мүмкіндігін енгізуді ұсынды.

4 Нәтиже. Университеттің құрама командаларына қатысатын студенттердің жалпы дене дайындығы, жұмыс қабілеттілігі және техникалық-тактикалық даярлық деңгейі айқындалды. Зерттеу барысында бастапқы кезеңде студент қыздардың жалпы дене дайындығының деңгейі орташа деңгейден төмен екені анықталды. Сонымен қатар, олардың дене жұмыс қабілеттілігі де салыстырмалы түрде төмен деңгейде екені байқалды.

Студенттердің бастапқы техникалық-тактикалық даярлығы бойынша алынған деректер ойын әрекеттерінің орындалу сапасында айырмашылықтардың бар екенін көрсетті. Әсіресе беру және допты қабылдау элементтерін орындау тиімділігінде айтарлықтай айырмашылықтар тіркелді.

Студенттік құрама командалардың жарыстарға қатысу ерекшеліктері анықталды. Батыс Қазақстандағы барлық жоғары оқу орындарында барлық спорт түрлерінен студенттер қатыспайды. Университеттерде сәйкес келетін білікті жаттықтырушы кадрлардың жоқ екені байқалды. Жоғары оқу орындары бар жаттықтырушылар мен студенттік потенциалға ерекше көңіл бөледі. Құрама командалардың жарыс тәжірибесін арттыру мақсатында облыс аумағынан тыс сапарларға сирек шығатыны байқалады. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарында студенттік спорттық командалардың республикалық деңгейдегі жарыстарға қатысуы жеткілікті деңгейде қаржыландырылмайды. Университеттерде Универсиада ойындарының базалық спорт түрлері бойынша спортшыларды даярлауға да тиісті басымдық берілмейді.

Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты жетілдіру жолдары әзірленіп, олардың тиімділігі эксперименттік тұрғыда дәлелденді. Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты жетілдіру жолдары бойынша кешенді жүйесі жасалды. Жүйенің бөлімдерінде бағыттаушы, өнімділігі, көрсеткіштік және қорытынды құрамдас бөліктері айқындалды. Эксперимент кезеңінде университеттің волейбол командасының студенттері арасында дене даярлық деңгейінің динамикасында оң өзгерістер орын алды. Сондай-ақ, университеттің волейбол командасының студенттерінің дененің жұмыс қабілеттілігі деңгейінде де оң өзгерістер байқалды.

Спорттың бір түрін (арнайы түрде, волейбол) дәстүрлі академиялық сабақтардың орнына енгізу арқылы студенттердің оқу процесіне деген қатынасы мен университеттегі спорттық-сауықтыру жұмысының сапалы жақсаруы арасында оң байланыс бар екені ассоциация коэффициенттік байланыс әдісі арқылы дәлелденді.

### **3. Ғылыми нәтижелердің негізділігі мен шынайылығы және олардың жаңашылдығы деңгейі.**

Студенттік спортты әлемдік тәжірибеде жетілдірудің негізгі ғылыми-теориялық алғышарттарын анықтаудың негізділігі қазіргі заманғы көзқарастарды ескере отырып, студенттік спортты жетілдіруге қатысты әдістемелік тәсілдердің жеткіліксіз әзірленуімен айқындалған. Бірінші нәтижелердің шынайылығы отандық және шетелдік әдебиеттерді жүйелі талдау арқылы заманауи студенттік спорт мәселелері бойынша алынған деректермен расталады.

Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты ұйымдастырудың құрылымы мен мазмұнын анықтаудың негізділігі бұл мәселені жоғары оқу орындарында ұйымдастырудағы қайшылықтарды айқындау қажеттілігімен негізделеді. Ал алынған нәтижелердің шынайылығы құжаттық материалдарды талдау әдісін қолдану арқылы расталады.

Студенттердің спортпен айналысуы барысында туындайтын мәселелерді айқындаудың негізділігі — студенттердің спортпен шұғылдануға деген мотивациясын анықтайтын факторларды іздестіру қажеттілігімен түсіндіріледі. Ал алынған нәтижелердің шынайылығы сауалнама әдісін қолдану арқылы дәлелденеді.

Университеттің құрама командасы студенттерінің дене даярлық деңгейін, дене жұмыс қабілеттілігін және техникалық-тактикалық даярлық деңгейін анықтаудың негізділігі — студенттердің дене қасиеттерін, дене жұмыс қабілеттілігін және техникалық даярлық деңгейін дамытудағы ең әлсіз жақтарын айқындау қажеттілігімен түсіндіріледі. Ал алынған нәтижелердің шынайылығы құжаттық материалдарды талдау, жарыс әрекетін талдау, бақылау сынақтары, PWC170 әдісі және математикалық статистика сынды ғылыми әдістерді қолдану арқылы расталады.

Студенттік құрама командалардың жарыстарға қатысу ерекшеліктерін айқындаудың негізділігі — студенттердің жарыстарда табысты өнер көрсетуіне кедергі болатын факторларды анықтау қажеттілігімен түсіндіріледі. Ал алынған нәтижелердің шынайылығы жарыс әрекетін талдау, құжаттық

материалдарды сараптау және математикалық статистика әдістерін қолдану арқылы расталады.

Батыс Қазақстан облысы университеттерінде студенттік спортты жетілдіру жолдарын әзірлеу және олардың тиімділігін эксперименттік тұрғыдан дәлелдеудің негізділігі — жоғары оқу орындарында спортты дамытуды оңтайландыру мен қайта ұйымдастыруға арналған әдістемелік тәсілдерді іздестіру қажеттілігімен түсіндіріледі. Ал алынған нәтижелердің шынайылығы педагогикалық эксперимент, ассоциация коэффициенті және математикалық статистика сынды ғылыми әдістерді қолдану арқылы расталады.

**4. Практикалық маңыздылығы** автор әзірлеп, оқу үдерісіне енгізген келесі элементтерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі мен айқындалады:

- студенттеріне арналған «Студенттік спортты жетілдірудің әдістемелік жолдары» таңдау бойынша элективті курс;

- Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамытудың кешенді жүйесі әзірленіп, оның тиімділігі эксперименттік түрде дәлелденді.

#### **5. Алынған нәтижелердің ішкі біртұтастығын бағалау.**

Р.М.Турдалиевтің диссертациялық зерттеуіндегі ғылыми нәтижелер өзара ішкі біртұтастыққа ие, өйткені диссертация бөлімдерінің ойластырылған құрылымдық шешімімен, зерттеу материалдарының жинақы әрі жүйелі баяндалуымен, онда негізгі идея мен қойылған міндеттердің шешімінің айқын көрініс табуымен, сондай-ақ ғылыми логиканың сақталуымен қамтамасыз етіледі.

**6. Диссертацияның негізгі нәтижелері, қорытындылары мен тұжырымдарының жеткілікті дәрежеде жариялануын растау.**

Диссертация тақырыбы бойынша бірқатар ғылыми еңбектер жарияланған. Олардың ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, сондай-ақ *Scopus* ақпараттық дерекқорына енгізілген шетелдік басылымдарда және халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында жарық көрген мақалалар бар. Бұл жарияланымдар диссертациялық зерттеудің негізгі мазмұнын жан-жақты және терең қамтып, алынған ғылыми нәтижелердің өзектілігі мен дәлдігін айқындайды.

**7. Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 8D01401 – «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын диссертацияларға арналған талаптарына толықтай сай келеді.**

Турдалиев Рауан Муратовичтің «Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңдегі студенттік спорт дамуының ғылыми-әдістемелік негіздемесі» тақырыбындағы ғылыми зерттеуінің теориялық және практикалық маңыздылығы, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына толық сәйкес келеді. Осы негізде, зерттеу авторының 8D01401 «Дене

шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуына лайықты екендігін есептейміз.

Шетелдік ғылыми кеңесші,  
педагогика ғылымдарының докторы,  
Орынбор мемлекеттік педагогикалық университеті  
Дене мәдениеті және спорт институтының  
ТиМСД, АФК және МБОФВ  
кафедрасының профессоры.

Коровин С.С.

*С.С. Коровин*

Подпись	<i>С.С. Коровина</i>
Дата	<i>28.11.2022</i>
Заведующий	Управление кадров ФГБОУ ВО «ОГПУ»
Специалист по кадрам	<i>Кондратьева Е. В.</i>

УПРАВЛЕНИЕ КАДРОВ  
ФГБОУ ВО «ОГПУ»